



ОӘЖ 343.971

Қаражанова Жанат Көкенқызы

докторант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕКЕ СЕКТОРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ ЕТУДІҢ ӨЗЕКТІ СҰРАҚТАРЫ

Бұл мақалада автор квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің өзекті сұрақтарын талдаған. Осы мәселені зерттеу барысында қылмыстық статистика зерттелген, сауалнама алынды, шетелдік тәжірибе зерттелді, криминологиялық талдау өткізілді. Автор күшіндегі заңнаманы жетілдіруді ұсынады, квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің тиімді шараларын береді.

Түйін сөздер: *сыбайлас жемқорлық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету, квазимемлекеттік сектор, жеке сектор, әрекет ету шаралары.*

В настоящей статье автор проанализировала актуальные вопросы противодействия коррупции в квазигосударственном и частном секторе. При исследовании вопроса была изучена уголовная статистика, проведено анкетирование, изучен зарубежный опыт, проведен криминологический анализ темы исследования. Автором предлагаются меры по совершенствованию действующего законодательства, даны эффективные меры противодействия коррупции в квазигосударственном и частном секторе.

Ключевые слова: *коррупция, противодействие коррупции, квазигосударственный сектор, частный сектор, меры противодействия.*

In this article, the author analyzed relevant issues of combating corruption in the quasi-public and private sector. When investigating the issue, criminal statistics were studied, a survey was conducted, foreign experience was studied, and criminological analysis of the research topic was conducted. The author proposes measures to improve the current legislation, gives effective measures to combat corruption in the quasi-state and private sector.

Keywords: *corruption, countering the group, quasi-state sector, private sector, countermeasures*

«Сыбайлас жемқорлық қылмыстылықтың криминологиялық негізін сыбайлас жемқорлықтың сапалық және сандық қасиеттері жайлы қылмыстық статистика ақпараттары құрайды. Мәселен, 2017 жылы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде 316418 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген, олардың 2982-сі (7%) сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары. Жалпы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар санының 40% (628) билікті теріс және асыра пайдалану, 33% (516) - паракорлық, 9% (148) сеніп тапсырылған бөттенің мүлкін

иемденіп алу немесе талан-таражға салу және басқалары.

Осы қылмыстық әрекеттерді жасағаны үшін 6 республикалық, 46 облыс, 116 қалалық және аудандық деңгейдегі басшылар жауапкершілікке тартылды.

Сыбайлас жемқорлыққа ең әлеуетті акимат басшылығы қызметкерлері (660 немесе 40%), жер мәселесі бойынша қызметкерлер - 136, құрылыс -136, білім беру -129, денсаулық сақтау - 55, ауыл шаруашылығы - 53 және әлеуметтік сала -27.

Құқық қорғау органдары арасында сыбайлас жемқорлық қылмыстарының басым көпшілігін

ішкі істер органдары қызметкерлері – 290 (67%) және Мемлекеттік кірістер комитеті қызметкерлері - 132 (30%) жасаған.

Тергеу тәжірибесінде сот ісін жүргізудің жаңа нысандары қолданылып келеді, ол жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру (164 іс аяқталды) және процессуалдық келісім жасау (100 қылмыстық іс аяқталды).

Барлығы республика бойынша 1793 қылмыстық іс аяқталған, бұл қаралған істердің жалпы санының 72%.

Сыбайлас жемқорлық қылмыс нәтижесінде келтірілген шығын орнын толтыруға аса үлкен назар аударылуда.

Анықталған шығындар бойынша аяқталған қылмыстық істер бойынша 1,9 млрд теңге (сыбайлас жемқорлық бойынша - 1,06 млрд.теңге), қабылданған шаралар бойынша 1 млрд. теңге немесе 61% (қылмыстық істер бойынша- 995 млн.теңге немесе 93%) қайтарылды.

1,2 млрд.теңге көлемдегі мүлікке тыйым салынды, олардың ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша - 615 млн. теңге» [1].

Әлеуметтік құбылыс ретінде сыбайлас жемқорлық әр түрлі жемқорлық әрекеттерін жасауда көрініс табады, олардың басым көпшілігі қылмыстық болып табылады және қылмыстық заңда көзделген тәртіппен қудаланады. Қазақстан Республикасында әрекет етіп отырған Қылмыстық кодекс сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану, лауазымды адамның өкілеттіктерін иемденіп алу, кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу, заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, қызметтегі әрекетсіздік, салғырттық сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтар жатқызылады.

Қазақстан Республикасындағы лауазымдық қылмыстар динамикасы келесідей болады: 2013 ылы – 2727, 2014 жылы – 2406, 2015 жылы – 3088, 2016 жылы – 2807, 2017 жылы – 2982 іс тіркелген.

Көріп отырғанымыздай, көрсетілген кезеңдердегі сыбайлас жемқорлық қылмыстары шартты түрде бір деңгейде екен.

Тіркелген қылмыстар құрылымының ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыстары олардың латентті сипатта болуына байланысты аз екенін айта кеткен жөн.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының латенттігі жайлы ресми статистика мәліметтері дәлел бола алады. Коммерциялық және басқа да ұйымдырдығы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар 2015 жылы жалпы қылмыстылық құрылымында 0,06% (осы саннатағы 67 қылмыстық іс, оның ішінде 29- билікті асыра пайдалану, 6-параға коммерциялық сатып алу), 2016 жылы -0,05% (қылмыстық іс, оның ішінде 20- билікті асыра пайдалану, 2-параға коммерциялық сатып алу), 2017 жылы - 31-билікті асыра пайдалану және 11-параға коммерциялық сатып алу.

Әрине, жоғарыда келтірілген сандар бұл қылмыстардың латенттігінің жоғары болуына байланысты нақты көрсеткіштер бола алмайды. Параға коммерциялық сатып алудың латенттігі деңгейі жайлы парақорлықтың көрсеткіші дәлел бола алады.

ҚР ҚК 253 бабының (параға коммерциялық сатып алу) әрекет ету аясы ҚР ҚК 366 бабы (пара алу) және ҚР ҚК 367 бабы (пара беру) бабының әрекет ету аясына қарағанда анағұрлым кең, себебі елдегі әрекет ететін шаруашылық субъектілер саны миллиондап саналады және мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, мемлекеттік мекемелерден және басқалардан лауазымды тұлғалары бойынша артық екендігі анық. Параға коммерциялық сатып алу мен парақорлық арасындағы жақындықты ескере отырып, біріншісінің қылмыстылық құрылымы бойынша екіншісінен артықтығы жайлы болмаса да, олардың тендігі жайлы болжамдар жасауға болады.

Мәліметтердің жағдайы мен құрылымының талдауы көрсеткендей, лауазымдық қылмыстар ішінде парақорлық және өкілеттіктерді немесе қызметтегі жалғандық, билікті асыра пайдалану қылмыстарының үлесі жоғары екендігін көрсетіп отыр.

Қызметтегі жалғандықтың лауазымдық қылмыстар ішіндегі кең таралуының себебі, бұл қылмыстың барлық лауазымдық қылмыстардың бастамасы болып табылуымен байланысты және ол қылмыстар жиынтығы бойынша сараланады.

Сыбайлас жемқорлық қылмысының негізгі элементі, әрине, парақорлық.

Алайда жемқорлық қылмыстарының статистикалық көрсеткіштері толық емес және нақтыланбаған сипатта болады, ол тек ғылыми зерттеулер нәтижелері бойынша толықтырылуы мүмкін. «Нұр Отан» партиясының қоғамдық саясат Институтының және «Қоғамдық пікір»

Зерттеу Институтының мәліметтерін алатын болсақ, олар Қазақстан халқын сыбайлас жемқорлықтың таралу мәселесі, оның себептері, таралу салалары жайлы «Құқық бұзушылықтарға деген нөлдік шыдамсыздықты қалыптастырудың кешенді талдауы» сауалнамасын жүргізді.

Сауалнамаға 14 облыс пен екі республикалық маңызы бар Астана мен Алматы қалаларының 18 жастан жоғары респонденттер қатысты.

Сауалнама барысында респонденттерге «Қазақстан үшін сыбайлас жемқорлық мәселесі қаншалықты өзекті?» - деген сұрақ қойылды. Респонденттердің осы сұраққа берген жауабы сыбайлас жемқорлықтың Қазақстандағы ең өзекті мәселелердің бірі екенін дәлелдеп берді. Респонденттердің 56,1%-ның пікірі бойынша Қазақстанда сыбайлас жемқорлық мәселесі өзекті және 37,1% бұл мәселеден де маңызды мәселелер бар екендігін айтқан. Тек 3,6% мәселені өзекті деп санамаса 3,2% бұл сұраққа жауап бере алмады.

Сонымен қатар, респонденттерге сыбайлас жемқорлықтың таралу дәрежесін анықтау да ұсынылды. Анкетадағы сұрақ былай берілді: «Қазақстанда сыбайлас жемқорлық қаншалықты таралған деп ойлайсыз?». Респонденттердің 42,2%-ның пікірі бойынша Қазақстанда жемқорлық кең таралған.

Орташа таралу деңгейін респонденттердің 45% көрсетсе, ал «аз таралған» деген жауапты тек 7,4% берді. Сыбайлас жемқорлық жоқ деген жауап 0,9%, жауап бере алмағандар – 4,5%.

«Сыбайлас жемқорлық сіздің өміріңізге әсер ете ме әлде жоқ па?» деген сұраққа байланысты пікірлер мынандай бөлінді. Респонденттердің 68,1 % үшін сыбайлас жемқорлық өмірлеріне белгілі бір деңгейде әсер етеді, оның ішінде 22,1% айтарлықтай әсер ететінін айтса, 46% аз деңгейде әсер етеді деп жауап берді. 27,9% сұралғандардың өміріне сыбайлас жемқорлық мүлдем әсер етпейді, 4% жауап беруге қиналды.

Зерттеу барысында респонденттерге сыбайлас жемқорлық себептерін айту ұсынылды. Негізгі алты себеп анықталғын: шенеуніктердің әрекеттерін, олардың кірісі мен шығынын жеткілікті деңгейде бақылаудың болмауы (30,5%); сот жүйесінің кемшіліктері (27,6%); бюджеттік саласындағы жұмысшылардың төмен жалақысы (26,5%); сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша дұрыс жазалаудың болмауы (26,4%), экономиканың дамымауы және

қоғамдық бақылаудың жетіспеуі (25,4%); ұлттық дәстүрлер, менталитет (25,3%).

Сауалнама респонденттеріне сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету бойынша сұраққа жауап беру ұсынылды: «Сыбайлас жемқорлар аз болу үшін қандай шара қолдану қажет деп ойлайсыз?». Негізгі төрт шара ұсынылды: сыбайлас жемқорлар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі құқық қорғау органдарының қызметінің тиімділігін арттыру (38,5%), сыбайлас жемқорлықпен күрес заңнамаларын қатаңдату сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге ықпал етеді (36,4%), бюджет қаражатын қайта бөлу мен жұмсауды қатаң қадағалау жемқорлықтың деңгейін төмендетуге әсер етеді (33,1%), халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру (30,0%).

«Мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жүргізіп жатқандығын білесіз бе?» деген сұраққа 81,4% респонденттер мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жүргізіп жатқандығын хабардар екендігі жайлы айтты. 15,9% респонденттер осындай саясат жөнінде білмесе, 2,7% жауап беруге қиналды. Сонымен бірге, респонденттер жалпы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар арқылы жемқорлық деңгейін азайтуға болады деп санайды.

«Мемлекет жүргізіп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар көмегімен сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге болады деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа 31,3% мемлекеттің жүргізіп жатқан нақты шаралары арқылы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге болады деп санайды, 57,6% тек жартылай ғана мүмкін деп санайды. 6% бұл шаралардың сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге ешқандай тиімділігі жоқ десе, 5,1% жауап бере алмады.

45,2% респонденттер Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықпен күрес тиімділігі мен нәтижелерін «Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықпен күрес тиімділігі мен нәтижелерін қалай бағалайсыз?» сұрағында жағымды бағалаған. Алайда, 33,1% бұл күрес тек халықтың пікірін тыныштандыру үшін ғана жүргізіліп жатыр деп жауап берді, және 11,8% ешқандай жағымды өзгеріс жоқтығын айтып сыбайлас жемқорлық тек кеңейіп күшейіп келетіндігін көрсетті. Жауап беруге қиналғандар үлесі 9,9% болды.

Бүтіндей есептегенде, жемқорлық қазіргі кездегі Қазақстанның ең өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Қоғам пікірі бойынша

мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шаралары сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендете алады деген тұрақты түсінік бар. Сонымен қатар, халықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғам қалыптастыруға дайын екендігін айта кету керек.

«Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауын (әрі қарай - Жолдау) іске асыру мақсатында Үкімет мемлекет қатысуымен ұйымдардың әрі қарай тиімді жұмыс жасауы және мемлекеттік мүлікті оңтайландыру бойынша 2014-2016 жылдарға арналған жекешелендірудің Кешенді жоспары жасалды және бекітілді.

Жекешелендірудің екінші толқынының қорытындысы бойынша нақты сатуға 276 объект қойылды, олардың 156-сы сатылды, олардың ішінде республика меншігіндегі – 7, коммуналдық - 65, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (әрі қарай ӘКК) меншігіндегі - 47, ұлттық басқарушылық холдингтер объектілері - 37.

Жалпы, жекешелендіру объектілерінің сатуынан құны 42,9 млрд. теңге түсті, оның 730,3 млн. теңгесі республикалық бюджетке түсті, облыстық бюджетке - 708,8 млн. теңге, холдингтерге - 38,6 млрд.теңге және ӘКК - 2,9 млрд. теңге түсті.

Криминологиялық талдау келесіні көрсетті:

1. Есептік комитеттің 2016 жылы Бюджеттік кодекстегі «игерілмеген» терминін анықтау бойынша ұсынысын Үкімет орындамады. Сонымен қатар, бюджеттік заңнамада «орындамау» және «қолданбау» терминдері қолданылады, олар бойынша түсіністік аппарат жоқ.

2. Жалған кәсіпкерлік белгілері бар кәсіпорындарды қысқарту бойынша салық органдары жүргізіп отырған шаралар, Есептік комитеттің бағалауы бойынша, әлі күнге дейін тиімсіз болып келеді, бұл бюджеттің айтарлықтай шығынына алып келеді.

3. Салық органдары тексерулер жүргізуі кезінде көптеген заң бұзушылықтар анықталмағаны және салық заңнамасы актілерінде тіркелмегені анықталды, ол республикалық бюджетке үлкен шығын әкелді. Осылайша, салық органдары қызметкерлерінің құзырлығы мен кәсібилігіне күмән тудырады немесе сыбайлас жемқорлық құрамы бар болуы мүмкін.

4. «ҚазАгро» ҰБХ АҚ және оның еншілес компанияларына бюджеттен жеңілдік негізінде

алған несиелеріне сыйақы мөлшерлемесінің негізділігі жайлы мәселе заңнамалық деңгейде шешілмеген.

5. Бюджеттік кодексті бұза отырып, құзырлы органдар мен аграрлық-өндірістік кешендер саласындағы квазимемлекеттік субъектілері арасындағы несиелік шарттар жасалған, ол несиелік қаржылардың мақсатқа лайықсыз пайдаланылуына алып келді.

6. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын толықтыру және арттыру жобаларды жүзеге асырудың кезеңділігін ескерместен жасалған, ол есепшоттардағы бірнеше жылдар ішінде бюджет қаржысының жинақталып қалуына әкеледі.

7. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бюджеттік және басқа да заңнаманы сақтамауы, нормативтік-құқықтық актілерде қызметке бағалардың нормативтерінің болмауы, мемлекет пен бюджет құралдары активтерін басқаруды тиімсіз пайдалануға әкелді.

8. Мемлекеттік монополия субъектілерінің қызметтері (жұмыстары) бағасын көздейтін заңнама нормалары толықтай іске асырылмаған. Бір қызмет түріне бағаны қалыптастыру шығынының құнын анықтаудың бірыңғай әдістемесі жоқ.

9. «Уақытша бос қаржылар» түсінігінің заңнамалық деңгейдегі анықталмауы квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қаржылық құралдарға және банк ұйымдарында депозитке орналастыру кезінде уақытша қолданылмайтын активтер көлемін өз еркімен өзгертуіне мүмкіндік береді.

10. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заң талаптарын бұза отырып, құрылыс-монтаждау жұмыстары құрылысты бастау рұқсатынсыз, ЖСҚ және ТЭН-сіз жасалған.

«Шетел тәжірибесінің талдауы көрсеткендей, көптеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың негізі жеке саладағы жемқорлыққа қатысты қылмыстық заңнаманы жетілдіруде екендігін көрсетті. Мұндай қылмыстық-құқықтық шаралар Германияда, Грецияда, Данияда, Норвегияда, АҚШ-та, Франция және т.б. елдерде жасалды.

Әсіресе, ГФР Қылмыстық Кодексі жеке бизнесте материалдық игілік үшін заңсыз артықшылықтар беру үшін жаза қарастырылған.

Сонымен бірге, әлемдік қауымдастық сыбайлас жемқорлыққа тек, құқықтық,

экономикалық, ұйымдастыру және басқа да шараларды кешенді қолдану арқылы ғана қарсы тұруға болатынын түсінді.

Мысал ретінде АҚШ және Ұлыбританияның Сарбанс-Окли (2002) және Парақорлық туралы (2010) заңын қабылдаудан кейін кешенді күресін алуға болады. Соңғы заңда, мысалы, ұйымдардың өз жұмысын тиісінше ұйымдастырмай, жемқорлыққа жағдай туындатқаны үшін жауапкершілік қарастырылған. Ағылшын заңнамасының новелласы ретінде заңды тұлғалардың өз қызметкерлерінің (менеджерлер, агенттер, делдалдар, кеңесшілер мен өзге тұлғалармен) жемқорлық жасауына тосқауыл болмағаны үшін жауапкершілікке тартылатыны жайлы норманы айтуға болады. Компанияларға: бизнес-әріптестерінің сыбайлас жемқорлыққа қатысы барын тексеруге; сыбайлас жемқорлықтың жолын кесудің ішкі корпоративтік тәртібін енгізу; шенеуніктер мен бәсекелестер тарапынан қорқыту немесе қорытушылық көрсетілген жағдайда міндетті түрде шаралар қолдануға кеңес беріледі.

Мұндай шараларды енгізу жеке компаниялар өз қаржысын сақтап қалуға, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзғаны үшін салынатын санкциялардан сақтануына мүмкіндік береді.

Жалпы әлемде сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қою мақсатында мемлекеттің жеке секторға араласуының біртіндеп күшеюі байқалады. Бұл бағыт күшейе түсуімен бірге жеке сектордағы сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесін шешудің жаңа шешімдері пайда болады деп күтілуде.

Н.К. Мамытовтың пікірі бойынша, коммерциялық және басқа да ұйымдардағы қызмет мүддесіне қайшы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жемқорлық қатарына жатқызу жеке сектордағы жемқорлықпен күресу үшін жеткіліксіз болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды квазимемлекеттік сектордың басқа да қызметкерлеріне тарату мүмкіншіліктерін зерттеу керек. Әсіресе, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар қызметкерлеріне қатысты. Бұл мемлекеттік кәсіпорындар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 10-бабының 1-тармағына сәйкес коммерциялық қызмет атқарады.

Н.К. Мамытовтың және басқа да Қазақстан Республикасы білім және ғылым

Министрлігінің өкілдерімен «сыбайлас жемқорлықпен күрес тек ұлттық-құқықтық және халықаралық-құқықтық тетіктер үйлесім тапқанда ғана сәтті болады», - деген пікірмен келіскен дұрыс. Жеке және жария секторларға әсер ететін кешенді сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктер кешенін және нормативтік актілер мен тиімді құқыққолдану тәжірибе жүзінде құру қажет. Және де, сыбайлас жемқорлықпен күрес міндеттерін шешуде билік органдарының азаматтық қоғам және ғылыми қоғамдастық институттарымен тығыз байланыста болуы өте маңызды.

Қазақстанда қоғамның белсенді қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізудің алғышарттары жасалған. Мысалы, қазіргі кезде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық қозғалыс Меморандумы әрекет етуде, оған «Нұр Отан» партиясы және жүз мыңдаған қатысушылары бар көптеген қоғамдық ұйымдар қол қойды.

Бұл құбылысқа қарсы алдын алу бағытындағы жұмыстар тұрғысынан көзқарастар өзгертіліп жатыр. Осыған байланысты заң шығарушы жақын арада екі нормативтік-құқықтық акт қабылданады: «Қоғамдық бақылау туралы» және «Жария ақпаратқа қол жеткізу туралы» актілер қабылданады. Бұл заңдар азаматтық қоғамға мемлекеттік қызметкерлердің ғана емес, сонымен бірге квазимемлекеттік сектор азаматтық қызметкерлерінің бастамаларының айқындығын бақылап отыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында маңызды рөл өсіп келе жатқан ұрпақта сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруға берілген. Оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа деген көзқарас қалыптасады, олардың көпшілігі жеке меншік оқу орындары.

Т.О. Балықбаевтың пікірі бойынша, «ҰБТ және кешенді тестілеуді енгізе отырып, біз жоғарғы оқу орындарына қабылдау кезіндегі сыбайлас жемқорлықты азайттық, алайда мәселелер әлі де бар. Жоғарғы оқу орындарын басқарудың жоғары орталықтандырылу деңгейі ашық емес және есепке алынбаған. Бұл сыбайлас жемқорлық үшін жағдай жасайды. Келесі процедуралар ең көп сыбайлас жемқорлыққа ұшырайды: жоғарғы оқу орындарына қабылдау, жоғарғы оқу орындары мен бағдарламаларды аккредитациялау, студенттердің аралық аттестациясы,

мемлекеттік сатып алулар мен ғылыми дәрежелер мен атақтарды беру процедурасы» [2,б.12-14].

Мысал ретінде жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесіндегі белсенді позициясын айтуға болады.

Бұл тұрғыда республикада сыбайлас жемқорлық деңгейі бойынша жоғарғы оқу орындарының рейтингін жасау ұсынылып отыр. Осылайша, «STOP-Қылмыс» партиялық жобасы аясында «Таза сессия» акциясы жүргізілуде, ол еліміздегі жоғарғы оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтауға арналған. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігіне нақты ұсыныстар жолданды [3,б.200].

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат» республикалық семинар-кеңесінде бұл

әлеуметтік кеселмен күресті ынталандыру бойынша ұсыныстар қабылданды.

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде жоғарғы білім беру жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық дүниетанымды дамыту тұжырымдамасы жасалды, ол оқу орындарының бюджетінің тазалығын, профессорлық-оқытушылық құрамдағы жемқорлықты жою, технологиялық процедураларды дамыту, студенттермен жұмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қарастырады. Жағымды мысал ретінде ҚазМЗА сыбайлас жемқорлықпен және оның жағымсыз жақтарымен нөлдік шыдамсыздық жұмысын да айтуға болады.

Біздің ойымызша, Қазақстандағы жеке сектордағы сыбайлас жемқорлықты жоюға бағытталған құқықтық шаралар инвестициялық сенімді арттыруға мүмкіндік береді және Қазақстанның дамыған елу ел қатарына еруге мүмкіндік беретін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жөнінде 2017 жылдың 12 айы бойынша мәліметтер. Қол жеткізу режимі: <http://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat>
2. Қосыбаев Ж.З. Қазақстан жоғарғы оқу орындарындағы жемқорлыққа қарсы күрес //Құқық және мемлекет – 2014 - №2(63) - 12-1466.
3. Каражанов М.Д., Каражанова Ж.К., Жампеисов Д.А. Меры противодействия коррупционной преступности в квазигосударственном и частном секторах Республики Казахстан // Всероссийский криминологический журнал. — 2017. — Т. 11, № 1. - С. 190–204. - DOI: 10.17150/2500-4255.2017.11(1).190-204.

Қаражанова Жанат Көкенқызы

Лауазымы: 3 курс докторанты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Қабанбай батыр көшесі 42-80

Ұялы тел.: +7 775 538 60 16

Квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстылығына қарсы әрекет етудің өзекті сұрақтары

Қаражанова Жанат Кокеновна

Должность: докторантка 3 курса, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Кabanбай батыра 42-80

Сот.тел: +7 775 538 60 16

Актуальные вопросы противодействия коррупционной преступности в квазигосударственном и частном секторе

Karazhanova Zhanat Kokenovna

Position: 3rd year doctoral student, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, ul. Kabanbai batyr 42-80

Cellphone: +7 775 538 60 16

Topical issues in countering corruption crimes in the quasi-state and private sector